

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 24 мамыр N 629

Республиканың су ресурстарының басқару құрылымдарын қаржы-экономикалық сауықтыру және оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Мына республикалық мемлекеттік кәсіпорындар:

1) "Оңтүстіксушар", оған "Бадам су қоймасын пайдалану жөніндегі басқарма", " Арыс-Түркістан каналын пайдалану жөніндегі басқарма", " Қызылқұм су шаруашылығы жүйелері басқармасы", "37-мамандандырылған жылжымалы механикаландырылған колонна", "11-мамандандырылған жылжымалы механикаландырылған колонна", "79-мамандандырылған жылжымалы механикаландырылған колонна" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қосу ж о л ы м е н ;

2) "Бартоғай су қоймасы мен Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналын пайдалану жөніндегі басқарма", оған "41-мамандандырылған жылжымалы механикаландырылған колонна (41-ЖМК)" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қосу жолымен;

3) "Қостанайсушар", оған "Қостанай бірлесіп пайдаланылатын су қоймалары басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қосу жолымен;

4) "Союзцелинвод тресі", оған "Көкшетау ауылдық топтық су құбырлары басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қосу жолымен;

5) "Шығыссушар", оған "Жөндеу-құрылыс" басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қосу жолымен;

6) "Павлодарсушар", оған "Беловод ауылдық топтық су құбырларын пайдалану басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қосу жолымен қайта ұ й ы м д а с т ы р ы л с ы н .

2. "Батыссушар" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Каменск су құбыры" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын құруға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. **Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК